

e-mail:  
aikyngazeti@gmail.com



№54 (3322) 7 СӘУІР, 2018 СЕНБІ


РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ


www.aikyn.kz


# АЙКЫН



# ҮН апта



 [www.facebook.com/aikyn.kz](http://www.facebook.com/aikyn.kz)

 [www.twitter.com/aikyn\\_gazeti](http://www.twitter.com/aikyn_gazeti)



Елбасы «Мұғалім мен дәрігер қағазбастылықты қойсын. Мұғалім бер...

## БҮЛІМ БЕРУ

## ӘЛЕМГЕ ШЫҚТЫ ӘМІРЕ



Көпшілік асыға күткен «Әміре» де көрерменіне жол тартты. Еліміздің кинотеатрларында көрсетіле бастаған бұл

# ҒЫЛЫМ ӘЛЕУЕТІ КЕҢЕЙЕДІ

**Абай атындағы ҚазҰПУ**  
Математика, физика және информатика институтында **білім орасының 90 жылдығына орай ғылыми онкүндік жұмысын бастады.** Шара барысында оқытушы-профессор құрамы студенттер мен жас ғалымдарға арналған семинарлар өткізілі, тәжірибесімен бөлісті. Сонымен қоса, әр кафедрара **өз жандылықтарын ұсынған ғылыми жетістіктер көрмесін өткізуде.**

**Ақбота ИСАӘМБЕК**

сына тоқталды. «Университет мерейтойына орай ұйымдастырылған көрмеде төрт кафедралық ғылым мен техникалық жетістіктерін, ғылыми-техникалық инновацияларын, патенттелген жандылықтарын, ғылыми мақалаларын, монографияларын, оқу-құралдарын және оқулықтарын таныстыруда» делі.

Математика, физика және информатиканы оқыту әдістемесі кафедрасының ментерушісі, профессор Алма Әбілқасымова оқу ордасы елімізде ұстаздар қауымын даярлайтын ең басты жоғары оқу орны екенін, соның ішінде математика, физика, информатика пәндерінің мұғалімін даярлауда орны бөлек екеніне баса мән берді. «Кафедра аумағында бүкіл әдістемелік, ғылыми-педагогикалық жұмыстар жасалауда. Оның айғағы — Қазақстандағы 7500-ге жуық мектептің стандарттарының авторлары кафедрала қызмет етеді. Көрмеде ұсынылған оқулықтардың бәрі кафедра ұстаздарының еңбектері. Балалардың функцияоналды сауаттылығын ашу бағытында, педагогикалық білімді дамыту бойынша монографиялар да ұсынылған. Осының барлығы онтайлы қарастырылған» деген ол өз авторлықтамын жарыққа шыққан қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде шығарылған жөңары оқу орындарына арналған оқулықтарды таныстырды.

Профессор, техника ғылымындағы доктор, академик Тахип Уалиев бүгінгі индустриальдік-инновациялық деңгейде білімді де кәсіби маман даярлау оқу ордасының міндеті дей келе, робототехниканың болашағы хақында ойын өрбітті.

Ғылыми онкүндік аясында «Абай

атындары ҚазҰПУ-лағы радиациондық үдеуші кешен» тақырыбында ғылыми семинар өткізілген физика кафедрасының ментерушісі Қайрат Тілебаев онкүндіктің жас ғалымдар үшін берері мол екеніне айрықша мән бере келе, өткен оқу жылынан бастап физика кафедрасында физика пәндерінің бакалаврлар, магистрант, докторанттарға ағылшын тілінде оқытыла бастағанын алап өтті.

Жандарта және нанотехнология зертханасының ментерушісі, физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор Әділхан Шоканов дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында нанотехнологияның болашағы зор екенін, сол үшін осы мақсатта мамандар дайындаудың қажеттілігі бар екеніне мән берді. Институтта білім алушы магистрант, докторанттар үшін нанотехнологияның негізгі принциптерімен таныстырып, тәжірибе жүзінде заттардың атомдық, молекулалық құрылымдарын зерттеу ісіне арналған «Наноздыкатор II» қондырғысы зертханала қойылышты.

Информатика және білімді ақпараттандыру кафедрасының ментерушісі, профессор Есен Бидібаевов Елбасының пифрлан-дыру саясатын жүзеге асыру бағытында атқарылып жатқан шараларға тоқталды.

Болашақ педагогтар білім беру саласында ақпараттық коммуникациялық технологиялар қатар пифрлы технологияларды да қолдану керек. Бұл — заман талабы екені анық. Ғылым онкүндігі бүгінгі ақпараттық дәуірде ғылыми жандылықтарды, жаңа технологияларды зерттеуге аса маңызды екенін көрсетті.

# АНА ҚАДІРІ ӘРҚАШАН АСҚАҚ

**Дүниедегі ыстық ықылас пен ешпегейтін жылуын,**  
**шексіз мейірім мен риясыз махаббаттың иесі — Ана. Осы бір үш ауыз сөзді естіген сәтте емен өтіп, бір сәт төрең ойка шомып, жүрегі әлжүремейтін дами жоқ шығар. Ана мейлі қасымызда болсын, мейлі, жырақта болсын оның «ботам» деген дауысын, мөлдіреген сөзін, мейірімділікке толы бейнесін көргенде, жүрегімізде жылулық орнап, санамыз жайланып, көңіліміз тоғылып сада береді.**

Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарымыздың хадистерінде де ең алдымен ананы құрметтеудің парызы екендігі айтылады «Әуелі анана, тағы да анана, содан соң ежене жаксылық жаса» делінген онда.. Ана бір қолымен бөсік төрбетсе, бір қолымен әлемді төрбейді. Ол — әрбір адамның жанашыры, кәдірлісі, қамқоршысы. Ана құшағынан асқан жылулық, мейірімділік жоқ шығар. Орыстың ұлы жазушысы М. Горькийдің «... Дүниеде не жаксылық болса, соның бәрі ананың ақ сүті мен күннің нұрынан жаралған» деген сөзіне сенбесеке амал жоқ. Осы күнде қандай биікті бағындырсақ та, қандай жетістікке жетсек те — ең бірінші ананың, екінші әкениң, одан кейін барып ұстаздардың арқасында. Себебі, сол ұстазы тыңдауды, сыйлауды — біз ең бірінші ана төрбесі арқылы үйренеміз.

Ана алақанының қызуы мен мейірімін ештенге алмастыра

алмайтынна ғалымдар жүртзатен тәжірибе де мысал бола алады. Олар аналарынан айырғалған маймыл балалар үшін екі құыршақ маймыл ана жасап, бірінші омырауынан сүт шығатын, денесі қатты да суық етіп, екіншісінің омырауын сүт шықпайтын, бірақ денесін жылы да жұмсақ етіп жасаған екен. Маймыл балалары сүті бар денесі қатты құыршақты емес, сүті жоқ болса да, денесі жұмсақ құыршақты ана ретінде қабылдап, соның бауырына тығтыған. Міне, сонда кімге болса да берінен бұрын кереті мейірім, ана құшағы ғана.

Ана — үйдің берекесі. «Анасын көріп қызды ал». Бұл мәтелдің мазмұнында да қыздан төрі, ананы алға қою қажеттігі сипатталған. Ана төрбесі жаксы болса, қыз ешұақытта жаман қылықтарға бой алдырмайды. Ана болу — бүкіл өміріңе жалғасатын ұлы рухани күш пен ерен еңбек.

«Ел болам десең, бесіңді тігу» деген сөз бекерден-бекер айтылмаған. Ата-бабаларымыз қыз баланың төрбесіне ерекше мән берген. Өйткені ол — болашақ ана! Қызды жат жұрттық деп төрбіне отырғызып сыйтап, үлкендердің алдынан кесе көлденен өтпеуге, райбағ сөз айтпауға төрбіселеп, үй тіршілігіне икемделіп, инабатты болуға үндеген. Қыздарын қылықты, ұлыларын ұлықты қылып өсірген. Аналар аман болсын!

Г. АТАНБАЕВА,  
Г. ТУСШПБЕКОВА,  
А. ЖҮНІСЖАН,  
әл-Фараби атындағы  
ҚазҰУ-дың оқытушылары